



«ЖАСТАР-ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА КОЛЛЕДЖ ЖӘНЕ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ САЙТ ҚҰРУ БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ЧЕМПИОНАТТЫҢ ӨТКІЗІЛУІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Қазақстанның болашағы жарқын және ол қазіргі біздің жастардың қолында.

1. Жалпы ережелер

1.1. Чемпионат жастардың потенциалын дамытып, оны мемлекетті инновациялық тұрғыда дамытуда қолдану мақсатында өткізіледі.

1.2. Чемпионат міндеттері:

- мемлекеттік жастар саясатын қолдау;
- құқықтық мәдениетті, СӨС қалыптастыру, жастарды мәдени құндылықтарға баулу, азаматтық және патриоттық тұрғыда дамуға түрткі болу;
- республика бойынша колледж және мектеп оқушыларының арасынан талантты сайтқұрушыларды анықтау;
- сандық ойлаптақыштықты және жеке шығармашылықты жандандыру;
- барынша талантты жастарды және олардың тәлімгерлерін сандық түрде сайтты өндірудегі жас жаңашыл шығармашылықтарды пайдаланудың алғышарттарына назар аударту.

1.3. Чемпионат жайлы барлық ақпарат Интернет желісінде stab.kz адресі бойынша МАБ колледжінің сайтында орналастырылған.

1.4. Үздік сайт авторлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК дипломдарымен марапатталады.

2. БАЙҚАУ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ

2.1. Чемпионатты ұйымдастырушылар – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК, Алматы қаласы Білім Басқармасын Халықаралық Бизнес Академиясының колледжінің базасында.

2.2. Чемпионатты өткізу және ұйымдастырумен байқау ұйымдастырушылары құрған арнайы комиссия айналысады.

2.3. Чемпионат ұйымдастырушылармен келісу арқылы Серіктес статусына ие болған, ақпараттық және ұйымдастырушылық тұрғыдағы қызметтер көрсете білген ұйымдар байқау серіктестері бола алады.

3. БАЙҚАУ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1. Чемпионатқа колледж және 9-11 сынып мектеп оқушылары қатыса алады.

3.2. Чемпионатқа қатысушы ретінде берілген тақырыпқа сайт құрастырған, өзі жайлы нақты, сенімді ақпарат ұсынған және осы Ережелерде анықталған шарттарға келісе отырып

чемпионатқа қатысуға ниет білдірген колледж және мектеп оқушылары қатысады. Әрбір білім мекемесінен құрамы екі қатысушыдан аспайтын 1 топ қатыса алады.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ РЕТІ ЖӘНЕ ШАРТЫ

4.1. Чемпионаттың жұмыстық тілі ретінде: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі.

4.2. Чемпионат ашық түрде 2022 жылдың 22 сәуірінде өткізіледі.

4.3. Чемпионаттың тапсырмасы: командаларға қолданыстағы ақпараттық сайтты әзірлеу. Сайттың дизайнын Figma.com онлайн сервисте әзірлеу керек. Сайтты жастардың қоғамдық өмірдің экономикалық, әлеуметтік, рухани салаларына қатысуы тақырыбына арнау, соның ішінде өз өңіріңіздегі жастардың қоғамдық өмірге қатысуы.

Ұсынылатын сайт тақырыптары:

1. Жастар және саясат;
2. Жастар және экономика;
3. Жастар және кәсіпкерлік;
4. Жастар және мәдениет;
5. Жастар және спорт;
6. Сіздің аймағыңызда, қалаңызда елдің жастар саясатын әлеуметтік және рухани іске асырылуы;
7. Өз өңіріңіздің жастарының жетістіктері.

4.4. Чемпионат онлайн режимде өтетін бір турдан тұрады. Чемпионат басталғанға дейін 10 минут бұрын әр қатысушыға хат жіберіледі, онда ftp хостинг пен MySQL дерекқорына қол жетімділік көрсетіледі.

4.5. Онлайн өтінімдерді қабылдау, сондай-ақ сайт құрылысы бойынша чемпионатты өткізу туралы толық ақпарат Халықаралық Бизнес академиясының колледжі сайтының басты бетінде орналастырылған //stab.kz ("Сайт құру бойынша чемпионат"батырмасы). Барлық өтінімдерді қабылдау аяқталғаннан кейін қатысушылар чемпионатты өткізу бойынша жедел ақпараты бар чатқа қосылатын болады.

4.6. Байқауға тек байқау қатысушылары жасаған, ешқайда көрсетілмеген, басқа байқауларға қатыспаған кодтық бет белгілеу тілдерінде (HTML, CSS, JavaScript) дайындалған сайт қатыса алады. Хостинг PHP тілінде жұмыс істеуге бейімделген. Әрбір қатысушыға бір мәліметтер қоры беріледі. CMS (Wordpress, Joomla және т.б.) қолдануға тиым салынады.

4.7. Чемпионаттың өткізілу кезеңдері:

Конкурстық өтінімдерді қабылдау (колледж сайтында электронды түрде) – 2022 жылғы 20 сәуірге дейін (қоса алғанда).

Чемпионатты өткізу 2022 жылғы 22 сәуір сағат 10: 00-ден 2022 жылғы 23 сәуір сағат 17: 00-ге дейін.

Жеңімпаздарды марапаттау-2022 жылғы 30 сәуір.

5. БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

5.1. Чемпионат жеңімпаздарын Экспертті комиссия анықтайды.

5.2. Жеңімпаздар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК дипломдарымен марапатталады. Білім беру мекемелерінің жетекшілері және ғылыми жетекшілері ҚР Білім және Ғылым министрлігінің алғыс хатымен марапатталады.

5.3. Чемпионат аясында келесі номинациялар анықталған:

- 1 Номинация: Функционалдығы және технологиялылығы;
- 2 Номинация: Сайт ашу;
- 3 Номинация: Патриотизм және руханият үшін;
- 4 Номинация: Үздік контент;
- 5 Номинация: Үздік дизайн және юзабилити;
- 6 Номинация: Өзектілігі;
- 7 Номинация: Бірегейлігі.

5.5. Экспертті комиссия Instagram желісін қолданушыларына «Арнайы номинация» ұсынады. Чемпионат қатысушылары Instagram желісіне өздері дайындаған сайттың суреті көрсетілген посты #iloveiab (МАБ колледжін жақсы көремін) хештегімен салып, колледждің ресми Instagram парақшасын (https://www.instagram.com/college_mab/) белгілеуі тиіс. Номинация жеңімпазы ретінде ең көп лайк жинаған сайт анықталады.

5.6. Байқау қортындылары жайлы ақпарат МАБ колледжінің сайтында орналастырылады.

5.7. Чемпионат қортындылары апелляцияға беруге және қайта қарауға жатпайды.

6. САЙТТЫ БАҒАЛАУДАҒЫ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР

6.1. Жалпы: сайтты құру мақсатының негізділігі, қойылған мақсатқа сай келу дәрежесі;

6.2. Мазмұны: ақпараттың толықтылығы және нақтылығы, түсініктемелік мәтіннің болуы, және т.б., ақпарат көздеріне сілтеменің болуы және сапасы, құрылымның қарапайымдылығы және ыңғайлылығы.

6.3. Әсемдеу: ақпаратты қабылдаудағы визуальды ыңғайлылық, стильді бірыңғайлылық.

6.4. Функциональдылығы және техникалық сипаттамалар. Іске асуы, функциональдылығы және технологиялылығы жоғары деңгейдегі сайттар жақсы бағаланады.

6.5. Келесі модульдері бар контенттердің болуы жақсы бағаланады: форум; сайт жаңалықтары; күнделік (блог); мақалалар блогы; файлдар каталогы; сілтемелер каталогы (колледждің ресми сайтына сілтеме - stab.kz); мини-чат; хабарландыру тақтасы; фотоальбом; сұраулар; қонақ кітапшасы; FAQ (сұрақ/жауап); пошталық қалыптар; сайт бетін редакторлау; кіру статистикасы және тағы басқалар.

7 ЧЕМПИОНАТЫҢ ӨТУ ОРНЫ

Телефоны для справок:

8-707-101-66-74 Коштаева Гулниза Есеналиевна

8-707-113-01-70 Ельчибаева Райгуль Балабаевна